



«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Мәңгілік Ел – мәңгі мемлекет» қашықтықтан өткізілетін шығармашылық жұмыстардың республикалық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде, «Мәңгілік Ел – мәңгі мемлекет» қашықтықтан өткізілетін шығармашылық жұмыстардың республикалық байқауының жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастыру және қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. **Мақсаты:** білім алушылардың зерттеу жұмысына уәждемесін арттыру, балалар мен жастардың шығармашылық әлеуетін, білім алушылардың белсенді өмірлік тұғырын, еліміздің қоғамдық және саяси өміріне қатысуын қалыптастыру, жас буын өкілдеріне елжандылық сезім мен тарихи сана ұғымын бойларына сіңіру.

3. Міндеттері:

жас буынға белсенді өмірлік ұстанымды және өздерінің жеке таңдауымен Қазақстан болашағы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

білім алушы балалар мен жастардың сана-сезімінде мақсаттар ортақтастығы мен келешекке ұмтылыс бағыттарын нығайту;

көшбасшылық қасиеттерін дамыту;

Отан өміріне, оның өткен шағына, осы шағына, болашаққа қатыстығын, адамгершілік құндылықтарын қатысушылардың сезінуі;

қатысушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасының және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 2 қазаннан 11 желтоқсанға дейін** konkurs2017rumcdo@mail.ru поштасына қабылданады.

Ұйымдастыру комитетіне **2017 жылғы 11 желтоқсанынан** кейін келіп түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 25 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

7. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және пікірлер берілмейді.

8. Байқауға қатысу үшін төлемақы төленеді:

білім алушылар үшін - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: «**Мәңгілік Ел – мәңгі мемлекет**» байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысу үшін konkurs2017rumcdo@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

1) төмендегі форма бойынша өтінім;

Қатысушының толық аты-жөні	Жасы	Облысы	Қала, ауыл	Номинация, жұмыс атауы	Білім беру мекемесінің толық атауы, сыныбы (курсы)	Жетекшісінің толық аты-жөні	Байланыс деректері (сот. телефон №)

2) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегі немесе төлем тапсырмасы;

3) электронды түрде байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға:

1) 7-17 жастағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша:

кіші жас санаты: 7-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

жоғары жас санаты: 15-17 жас

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Мәңгілік Елім 2050 жылы ...» зерттеу жобасының байқауы.

Зерттеуде білім алушылар мен жастар Елбасымыздың «Мәңгілік Ел» атты ұлттық идеясы аясында жасалады. Республикамыздың болашағы 2050 жылы қандай

болмақ? Қандай жетістіктерге жетеді? Оқушылар өз болжамдары мен идеяларын ашып көрсетеді.

Жоба жұмысын рәсімдеу талаптары:

Жұмыс Microsoft Office 2003, 2007, 2010 түрінде қабылданады. Қаріп: Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Өрістері: жоғарғы жағы -2 см., төменгі жағы-2 см., сол жағы -2 см., оң жағы-1,5 см. Формат: альбомды, А4.

Барлық бөлімдер (титул беті, кіріспе, бөлім атаулары, қорытынды, әдебиеттер тізімі, әрбір қосымшалар) жаңа беттен басталуы шарт.

Зерттеу жұмысы:

кіші жас санаты: 7-10 жас аралығы – 3 беттен;

орта жас санаты: 11-14 жас аралығы – 4 беттен;

жоғары жас санаты: 15-17 жас аралығы – 6 беттен кем болмауы шарт.

Негізгі бөлімнің атаулары араб сандарымен нөмірленеді (1, 2, 3 ...).

Теңестіру: ені бойынша (по ширине).

Бағалау критерийлері: жиналған материалдың құндылығы мен жаңалығы, автордың қызықты зерттеушілік тапсырма қою қабілеті, ақпарат көздеріне сыни көзқарас, тарихи мәнмәтінді білу және түсіну, баяндаманың айқындығы мен түсініктілігі, нәтижелердің негізділігі.

2. Эссе «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың асыл арманы!».

а) Эссе мәтіні MSWord редакторлы мәтінінде жазылуы тиіс. Қаріп: Times New Roman; Қаріп өлшемі – 14; Аралық (интервал) – 1; Өріс (поля): әр жағынан 2 см – ден; Тегістеу - ені бойынша, бірінші жолдан шегініс – 2 см;

б) Зерттеу жұмысы:

кіші жас санаты: 7-10 жас аралығы – 0,5 беттен;

орта жас санаты: 11-14 жас аралығы – 1 беттен;

жоғары жас санаты: 15-17 жас аралығы – 1,5-2 беттен кем болмауы шарт.

Негізгі бөлімнің атаулары араб сандарымен нөмірленеді (1, 2, 3 ...).

Мәтін көлемі –А4 форматында.

Байқауға қатысуға байқаудың мақсаты мен талаптарына сәйкес келетін, бір немесе екі номинация бойынша, бірақ әр номинацияда бірден көп емес жұмыстар қабылданады.

Конкурсқа қатысушылар бір немесе бірнеше номинация бойынша қатыса алады. Әрбір номинацияға бір қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Төлемақы әр номинация бойынша өзіндік жұмыстар үшін жүргізіледі.

11. Байқауды бағалау критерийлері:

ұсынылған жұмыстар өзекті және бұрын жарияланбаған болуы тиіс;

баяндау, жеткізу тілі көркем, нақты және жатық болуы, баяндау шеберлігі;

жұмыс байқаудың тақырыбына және номинацияларға сәйкес болуы тиіс;

материалдардың шынайылығы мен объективтілігі;

тақырыпты толық аша алуы;

авторлық ұстанымның нақтылығы;

жұмысты баяндау және ресімдеу сапасы;

фотосуреттердің көркемдік және техникалық сапасы (фотосуреттер болған жағдайда).

12. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының атауы;
байқау және номинацияның атауы;
автордың аты-жөні;
қатысушының жасы;
жетекшінің лауазымы және жұмыс орны;
e-mail, байланыс мәліметтері.

13. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

14. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

15. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен **2017 жылдың 25 желтоқсанында** орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99, Саят Манарбекұлы.

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық іс-шаралар → Конкурс «Мәңгілік Ел – мәңгі мемлекет» байқауы → жалғасы (далее).